



Т

Ғылым болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



№29 (1871) Жұма, 25-шілде 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

САЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҒЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Мемлекет басшысы жаңа Салық кодексіне және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

Салық кодексі салықтық әкімшілендіруді жаппай жеңілдетуді көздейді. Атап айтқанда, салық есептілігінің көлемі 30 пайызға қысқарады, салықтардың саны 20 пайызға азаяды, жеңілдіктер мен алымдар оңтайландырылады. Елеулі өзгерістер корпоративтік және жеке табыс салықтарынан бастап инвестицияларды ынталандыру және салық жүктемесін қайта бөлу секілді барлық негізгі бағытты қамтиды.

Қосылған құн салығының (ҚҚС) жаңа базалық мөлшерлемесі 16 пайыз болып бекітілді. Дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтерге төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді: 2026 жылдан 5 пайыз, 2027 жылдан 10 пайыз.

Бұл ретте Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) мен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) аясындағы қызметтер, Үкімет айқындайтын тізбе бойынша орфандық және әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу, сондай-ақ баспа түріндегі кітап шығару, археологиялық жұмыс жүргізу қызметтері ҚҚС-тан босатылады.

Мерзімді баспа басылымдарды өткізу бойынша 10 пайыз деңгейінде төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленеді. ҚҚС бойынша міндетті есепке қою үшін айналымның төменгі шегі 10 мың айлық есептік көрсеткішке дейін (40 миллион теңге) төмендетіледі.

Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорынан (БЗЖҚ) төленетін зейнетақы



төлемдері жеке табыс салығынан (ЖТС) босатылады. Пайдаланылу мерзімі 10 жылдан жоғары автомобильдер үшін көлік құралы салығы төмендетілді. Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік салықтық шегерімдер 882-ден 5000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды.

Салықтардың саны азайды: бірыңғай жер салығы қысқартылды, жеке төлем-ақылар бойынша мөлшерлемелер мен алымдардың саны кемітілді.

Арнаулы салық режимдері оңтайландырылды. Енді олар үш жағдайда қолданылады: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, оңайлатылған декларация негізінде және шаруа қожалықтары үшін.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар төлемдерді мобильдік қосымша арқылы

есептеп, төлей алады.

Корпоративтік табыс салығы (КТС) 20 пайыз деңгейінде сақталады. Алайда сараланған салықтық мөлшерлеме енгізіледі. Атап айтқанда, банктер (бизнес субъектілерін кредиттеуді қоспағанда) мен ойын бизнесі үшін – 25 пайыз. Әлеуметтік сала ұйымдары үшін 2026 жылы 5 пайыз мөлшерінде белгіленіп, 2027 жылы 10 пайызға дейін ұлғаяды. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 3 пайыз жеңілдетілген мөлшерлеме қалады.

Қор нарығын ынталандыру үшін биржалық құнды қағаздарға төленетін дивиденттерге салық жеңілдіктері сол күйі сақталады. «Бәйтерек» холдингі шығарған құнды қағаздардан түсетін кіріс 2031 жылға дейін КТС-тен бо-

сатылады. Пайдалы қазбаларды өңдеу мен геологиялық барлау саласы үшін қосымша преференциялар қарастырылған. Атап айтқанда, тиімділігі төмен жаңа учаскелер 5 жылға пайдалы қазбаларды өндіру салығынан босатылады.

Жеке табыс салығының (ЖТС) прогрессивті мөлшерлемесі енгізіледі.

Жылдық жалпы табысы 8500 айлық есептік көрсеткіштен асатын азаматтарға 15 пайыз салық мөлшерлемесі қолданылады. Сол сияқты дивиденттері мен табыс көлемі жылына 230 мың АЕК-тен асатын кәсіпкерлер осындай мөлшерде салық төлейді. Ал фермерлердің осы межеден асатын табысына бұрыннан сақталған 70 пайыз жеңілдікті есепке ала отырып, 4,5 пайыз салық салынады.

Жеке тұлғалар үшін қымбат өнімдерге, атап айтқанда құны 75 миллион теңгеден асатын автокөліктерге, құны 100 миллион теңгеден асатын кемелерге, әр литрінің құны 500 мың теңгеден асатын алкогольге, әр данасының құны 10 мың теңгеден асатын темекі өнімдеріне 10 пайыз акциз түрінде салық салынады. Сонымен қатар жалпы құны 450 миллион теңгеден асатын жылжымайтын мүлік нысандарына мүлік салығы жоғарылайды.

Салықтық әкімшілендіру тәсілдері айтарлықтай өзгереді. Камералдық бақылау ескерту сипатында болады. Салықтық берешекті өндіріп алу, төлемді кейінге қалдыру және бөліп төлеу мүмкіндігін беру процедуралары жеңілдетіледі. Салық берешегі аз болса, бизнестің есепшоттары бұғатталмайды. Қарыз сомасына қарай ескерту және басқа да шаралар кезек-кезеңімен қолданылады.

Кодекс 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Кодекстің мәтіні баспасөзде жарияланады.

www.akorda.kz

600 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ БЕРЕШЕК ӨНДІРІЛДІ

Биыл облыс бойынша жеке тұлғалардан салықтар бойынша берешек көлемі шамамен 642 миллион теңгеге жетті. Берешектің негізгі бөлігі жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салықтарына тиесілі.

Жеке мүлік салығы бойынша берешек көлемінің азаюы байқалады – 13,3 миллион теңгеге дейін төмендеген. Алайда, жалпы берешектің шамамен 97%-ы Талдықорған қаласында шоғырланған.

Жеке шоттарға сомаларды есептеу және тіркеу жұмыстары аяқталғаннан кейін, Комитет екінші деңгейлі банктермен – «Kaspi bank» АҚ және «Halyk bank» АҚ бірлесіп, салықтық міндеттемелері бар клиенттерге push-хабарламалар жолдады.

Қазіргі уақытта тұрғын үй объектілерінің құнын анықтау дұрыстығын, жеңілдік алуға құқығы бар тұлғалар туралы деректерді, қайтыс болған азаматтарды және үлестік меншіктегі объектілерді тексеру мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

Салық кодексіне сәйкес, жеке

тұлғалардың мүлік салығы бойынша салық төлеушілер – 528-бапқа сәйкес салық салу объектілеріне иелік ететін тұлғалар болып табылады. Белгілі бір санаттағы азаматтар – Кеңес Одағының Батырлары, мүгедектер, ардагерлер, көпбалалы аналар және басқалар – белгіленген жеңілдік шегінде салық төлеуден босатылады. Жеңілдіктер жалдауға берілген объектілерге қолданылмайды.

Көлік құралдарына салынатын салық бойынша да ұқсас ережелер қолданылады: мүгедектер мен кейбір жеңілдік санатындағы азаматтарға тиесілі көліктер салықтан босатылады.

Салық кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2026 жылдан бастап қозғалтқыш көлемі 3000 см³ жоғары және 2013 жылдан кейін шығарылған жеңіл көліктерге жаңа ставкалар



қолданылады. Сонымен қатар, көліктің пайдалану мерзіміне байланысты түзету коэффициенттері енгізіледі: 10-20 жыл аралығында – 0,7, 20 жылдан астам – 0,5. Мұндай шаралар салық салу жүйесінің әділеттілігін арттырып, көлік құралдарының нақты жағдайына байланысты салық мөлшерін әділ есептеуге мүмкіндік береді.

Бұл туралы Жетісу облысы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы Асхат Абилямажинов баяндады.

Арай НҰР

ҚОЛДАУ



ҮЕҰ ҮШІН СЫЙЛЫҚАҚЫ

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан жыл сайынғы үкіметтік емес

ұйымдарға арналған сыйлықақыны табыстау конкурсына өтінімдерді қабылдау жалғасып жатыр.

Айта кетсек, өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы 1 шілдеден бастап 1 қыркүйекке дейін жалғасады.

Конкурстың мақсаты – ұйымдардың әлеуетін нығайту және қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асыруға ынталандыру мақсатында институционалдық қолдау көрсету.

Сыйлықақы әлеуметтік маңызы бар 16 сала бойынша беріледі. Бір салаға арналған сыйлықақы мөлшері – 2000 АЕК.

Соңғы 8 жылда 486 ҮЕҰ қоғамдағы маңызды

мәселелерді шешуге қосқан үлесін көрсетіп, сыйлықақыға ие болды. Солардың ішінде жыл сайын шамамен 10 ауылдық ҮЕҰ аудандар мен ауылдарды дамытуға қосқан үлесі үшін марапатталды.

Егер сіздің ҮЕҰ қоғам өміріне белсенді араласып, өз саласында көшбасшы ретінде танылып, әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге үлес қосып, жаңашыл идеяларды іске асырса байқауға қатысуға шақырамыз.

Конкурсқа қатысу шарттары туралы толығырақ келесі сілтеме бойынша білуге болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/akk/documents/details/863651?lang=kk>

Сұрақтар туындаған жағдайда келесі нөмірлер бойынша хабарласуға болады: 8 (7172) 74-09-97, 74-07-41, 74-02-17.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми ақпарат ресурсы

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ӘДІЛЕТ САЛАСЫНДА ЗАҢ КӨМЕГІ ҚОЛЖЕТІМДІ

Жетісу облысында әділет органдары қызметіндегі цифрландыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізуде. Бұл туралы өңірлік баспасөз алаңында өткен брифинг барысында сала өкілі мәлім етті.

Спикер өз сөзін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауындағы: «Әрбір азамат өз сөздері мен іс-әрекеттері заң тұрғысынан бағалап, оның құқықтық салдарын нақты түсінуі тиіс» деген сөздермен бастады. Президент тапсырмаларын орындау аясында Әділет министрлігі халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және заң көмегінің қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыстарды іске асырып келеді.

2025 жылы өңірде «Халық заңгері», «Әділет кеңес береді», «Ашық есік күні», «Тегін заң көмегі күндері» сынды жалпы саны 16 консультативтік-түсіндіру іс-шаралары өткізіліп, 2 351 адам қамтылды. Ауылдық елді мекендерде 79 «Құқық кабинеттері» ашылып, шалғай аудандардан 662-ден астам азамат жүгінген. Кабинеттерде заманауи ақпараттық жүйелер мен техникалық құралдар орнатылып, заңнамамен еркін танысуға барлық жағдай жасалған.

Президент атап өткендей, цифрлық реформалар шалғай аймақтардағы азаматтар үшін сот төрелігіне қолжетімділікті арттыруға бағытталған. Осы орайда іске қосылған «Е-ZanKomegi» ақпараттық жүйесі мен «ZanKomegi» мобильді қосымшасымен тұрғындар бейнеқоңырау арқылы заң көмегін онлайн форматта ала алады. Қазіргі таңда жүйеде 57 адвокат пен заң кеңесшісі жұмыс істеуде. Сонымен қатар, тәулік бойы жұмыс істейтін бейнеқоңырау қызметі де іске қосылған.

«Е-нотариат» жүйесі арқылы бейнеқоңырау арқылы сенімхаттар мен келісімдер рәсімделіп, бүгінде 465 сенімхат пен 147 келісім заңдастырылған. Жүйеде QR-қол қою мен биометриялық сәйкестендіру сияқты қауіпсіздік шаралары қарастырылған.

Ал «Робот сот орындаушы» жүйесі азаматтарға әкімшілік айыппұлдарды онлайн төлеуге мүмкіндік береді. 20 АЕК көлеміне дейінгі берешек бойынша істер автоматты түрде қозғалып, азаматтар жеке сот орындаушыға жүгінбей-ақ айыппұлдарын төлей алады. Бұл жүйенің іске қосылуымен өңірде 24 775 іс қозғалып, 541 млн теңге өндірілді. Қызмет ақысының 25%-ынан босату нәтижесінде азаматтар 35,7 млн теңге үнемдеген.

2025 жылы «Робот сот орындаушысының» құзыреті 40 АЕК-ке дейін ұлғайтылады. Сондай-ақ, «Тараптар кабинеті» цифрлық құралы арқылы азаматтар атқарушылық істермен танысып, сот орындаушысына өтініш жібере алады.

Сонымен қатар, Әділет министрлігі жасанды интеллект элементтерін енгізіп, «ZanKomegi» қосымшасы мен «Әділет» жүйесі аясында құқықтық кеңес беретін чат-ботты тәжірибелік түрде іске қосты. Ол арқылы азаматтар тәулік бойы, демалыс күндері де, нақты заңнамаға сүйене отырып, тегін құқықтық ақпарат ала алады.

Құжаттарға апостиль қою қызметі де цифрлық форматқа көшірілді. Egov.kz порталы арқылы азаматтар апостиль қойылған құжаттарды қашықтан ала алады. Жыл басынан бері 127 қызмет онлайн түрде көрсетілген.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды тіркеу бойынша 277 мемлекеттік қызмет ұсынылса, олардың 11-і электронды түрде жүзеге асырылады. Бұл қызметтер азаматтарға үйден шықпай-ақ, тәулік бойы қолжетімді.

Жетісу облысында әділет органдарының цифрлық трансформациясы азаматтардың құқықтық қолжетімділігін арттыруға, уақыт пен қаражатты үнемдеуге бағытталған.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРГЕ АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

2025 жылдың I жартыжылдығы қорытындысы бойынша Жетісу облысының мемлекеттік Еңбек инспекциясы департаменті еңбек саласындағы азаматтардың құқықтарын қорғау бағытында бірқатар жұмыстар атқарды.

Департамент тарапына азаматтардан 300-ден астам өтініш тіркеліп, қаралды. Атап айтсақ, талап-тілектер еңбек құқығы, еңбек даулары, жұмыс берушілердің заңсыз әрекеттері, қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарының сақталуы мәселелеріне қатысты болды. Сондай-ақ, Еңбек кодексінің баптарын түсіндіруді сұраған өтініштер де аз болмады.

Азаматтардың арыз-шағымдары негізінде 56 тексеріс жүргізіліп, нәтижесінде, 61 заңбұзушылық фактісі анықталды. Оның 55-і – еңбек заңнамасының, 6-уы – еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарының бұзылуына қатысты.

Тексеріс нәтижесінде, облыс бойынша 14 кәсіпорында 266 жұмыскерге 120 млн теңге көлемінде жалақы бойынша берешек бар екені анықталып, бұл сома толық көлемде өтелді. Жұмыс берушілерге қатысты еңбек заңнамасын бұзғаны үшін 3 млн. астам теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды. Барлық айыппұл мемлекет пайдасына өндірілді.

Департаменттің мәліметінше, еңбек заңнамасының жиі кездесетін бұзушылықтары – жалақыны уақытылы төлемеу, еңбек шартын жасаспай жұмыс күшін пайдалану, еңбек жағдайларының талапқа сай болмауы және өндірістік жарақаттардың орын алуы.

Сонымен қатар облыс аумағындағы ұйымдар мен кәсіпорындарда еңбек қызметіне байланысты 12 жазатайым оқиға тіркеліп, 13 жұмыскер түрлі деңгейде зардап шекті.

Еңбек инспекциясы департаменті өкілінің айтуынша, азаматтар еңбек құқығының бұзылуына байланысты жағдай орын алса, E-otinish сервисі немесе департаментке жазбаша арыз-шағым түсіре алатындарын жеткізді.

Бұдан бөлек, шет елден келіп жұмыс істейтін мигранттардың да еңбек құқығын қорғау мақсатында Жұмыспен қамту басқармасының жанында шетел күшін пайдалануды қарастыратын комиссия құрылған. Мұнда шет елден келген мигранттарды жұмысқа орналастыру, еңбек шартын рәсімдеу жүргізіледі. Сол арқылы еңбек құқықтары да қорғалады.

Жетісу облысының Еңбек инспекциясы еңбек қатынастарындағы заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету, қызметкерлердің құқықтарын қорғау және жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша жұмысын жалғастыруда.

Арай НҰР

ЖЕТИСУ
ОБЛЫСЫНА
ЖЫЛ

2,2 МЛН ТОННА ЖЕМ-ШӨП ДАЙЫНДАЛАДЫ



жұмыстары аудандарда қызу жалғасып жатыр», - дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Н. Кененбаев.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Фотосуреттер облыс әкімі баспасөз қызметінің архивінен алынды



«TAZA EL - TAZA BOLASHAQ»

Іс-шараның басты мақсаты - табиғатты қорғау мен айналаны таза ұстауға үндеу ғана емес, жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыру.

Қалалық жастар орталығының жетекшісі Еркебұлан Жақан бұл жолы тазалық жұмыстарын қала орталығынан бастау туралы шешім қабылдағандарын айтты:

«Біз Қаратал мен Балықты өзендерінің жағалауларын жиі тазалаймыз. Алайда бұл жолы өз ауламыздан, яғни «Оқушылар сарайы» мен «Жастар» орталығы маңынан бастауды жөн көрдік. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, тазалық – ең алдымен, өз үйің мен аулаңнан басталуы керек. Біз осы ұстанымды қолдаймыз», – деді ол.

Сонымен қатар «Талдықорған жастары» орталығы әлеуметтік жобалар аясында НЕЕТ санатындағы жастармен де жұмыс істейді. Бұл – білім алмайтын және ресми түрде жұмыс істемейтін жастар тобы. Қалада олардың саны шамамен 2000-ға жуық.

«Біздің мақсатымыз – бұл жастарды қоғамға бейімдеу, түрлі спорттық, шығармашылық және кәсіптік жобаларға тарту. Әр жас азамат өз қабілетін ашып, қоғамнан орнын таба алады деп сенеміз», – дейді Еркебұлан Жақан.

Облыстық қоғамдық даму басқармасының мәліметі бойынша

СПОРТ

ЖАЗҒЫ СПАРТАКИАДА

Алакөл ауданының Ақши ауылында «Спорт - діни экстремизм мен терроризмге қарсы» ұранымен «Алакөл - 2025» облыстық жазғы спартакиадасы өз мәресіне жетті.



Жетісу облысы көлемінде өткізілген дәстүрлі спорттық шара - бұқаралық спортты дамытуға, жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға, сондай-ақ өңір туризмінің әлеуетін танытуға бағытталған.

Ақши ауылында екі күнге созылған спартакиадада 400-ге жуық спортшы жағажай волейболы, шағын футбол, үстел теннисі, арқан тарту сынды спорт түрлері бойынша өзара бақ сынады.

Айта кетсек, жарыстың басты ерекшелігі - әр спорт жарысының табиғат аясында ұйымдастырылуы. Сондықтан да қатысушылар үшін спартакиада тек жарыс қана емес, ерекше атмосфераға толы спорттық мерекеге айналды.

Жарыс қорытындысы бойынша Талдықорған қаласының командасы жеңімпаз атанды. Алакөл ауданының командасы жүлделі II орынға табан тіресе, жүлделі III орынға Кербұлақ ауданының командасы орнықты.

Алуа БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ЗАСЕДАНИЕ МВРГ БЕЗОПАСНОСТЬ ДОРОЖНОГО ДВИЖЕНИЯ НА АВТОДОРОГАХ ЖЕТИСУ

В областном акимате под председательством заместителя акима области Жетісу Асета Канатагова прошло заседание межведомственной рабочей группы по вопросу обеспечения безопасности дорожного движения в регионе. В работе МВРГ приняли участие представители органов прокуратуры и внутренних дел, государственных структур, в режиме онлайн - акимы районов и городов.



О ситуации по дорожно-транспортным происшествиям в области доложил начальник департамента Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК Айдын Торебеков. По его словам, их ведомством проведен анализ состояния аварийности на дорогах области, для чего были использованы Карта аварийности Комитета, сведения ежемесячной трехсторонней сверки дорожной полиции, управления здравоохранения и их департамента, а также данные статистического отчета «О лицах, пострадавших в дорожно-транспортных происшествиях» за 6 месяцев текущего года. Так, согласно анализу за вышеуказанный период на автодорогах области зарегистрировано 535 дорожно-транспортных происшествий, что на 77,7% больше аналогичного периода прошлого года (301). В результате ДТП погибло 59 лиц, что на 22,9% больше, чем за аналогичный период прошлого года (48).

— Основные причины аварийности остаются неизменными — это превышение скорости, несоблюдение дорожных знаков, не предоставление преимуществ пешеходам, нарушение правил проезда перекрестков или пересечение проезжей части дороги, нарушение правил маневрирования, — подчеркнул Айдын Торебеков. — Отмечу, что область Жетісу занимает 15 место по численности населения (около 700 тысяч человек), при этом у каждого 6 человека имеется транспортное средство, что свидетельствует о повышении мобильности жителей региона.

Вместе с этим докладчик озвучил проблему безопасности пешеходов, в том числе детей. Отметил, что в преддверии начала нового учебного года в адрес полиции направлен список улиц, прилегающих к школьным и дошкольным учреждениям, на которых необходимо произвести дорожную разметку «пешеходный переход», обрезку деревьев, обеспечить надлежащее освещение и др.

Подводя итоги своего выступления, Айдын Торебеков внес ряд предложений. Так, департаменту полиции - организовать передвижные группы воздушного патрулирования на дорогах области с ежедневым информированием ДКПСИСУ, провести анализ сведений по особо аварийным участкам, как в населенных пунктах, так и на загородных трассах. По их результатам направить соответствующие письма в представительства «Яндекс» и «2ГИС» для внедрения карт особо аварийных участков по всем автодорогам области. Управлению образования - в предстоящем учебном году включить в образовательный процесс изучение правил дорожного движения в учебных заведениях области. «ҚазАвтоЖол» совместно с департаментом полиции - изучить плотность дорожного трафика, а также с учетом открытия нового таможенного поста «Алаколь» проработать вопрос установки камер фото-видеофиксации по направлению Ушарал-Достык и др.

В ходе заседания своим видением на вопрос повестки дня поделился первый заместитель начальника департамента полиции полковник полиции Жасулан Байкенов, внесший и свои предложения, а также выступил заместитель директора филиала АО «НК «ҚазАвтоЖол» по области Жетісу Жасулан Калтаев, рассказавший о ходе проводимых ими работ на автодорогах региона.

Резюмируя итоги заседания, заместитель акима области Асет Канатагов с учетом предложений начальника ДКПСИСУ Айдына Торебекова дал всем уполномоченным ведомствам ряд поручений, направленных на усиление контроля по предотвращению правонарушений дорожного движения, принятие мер по профилактике дорожно-транспортных происшествий, в целях профилактики ДТП, связанных с наездом на пешеходов, активизацию разъяснительной работы с пешеходами и в целом с населением области.

ЗАКОН И ПОРЯДОК

ОНЛАЙН БЮДЖЕТНЫЙ МОНИТОРИНГ

Департамент внутреннего государственного аудита области Жетісу с помощью модуля «Онлайн бюджетный мониторинг» выявил ряд нарушений в использовании бюджетных средств. В результате принятых мер в бюджет было возвращено более 8,6 млн. тенге.

В сфере образования зафиксировано наибольшее количество рискованных операций. Было выявлено 817 рискованных платежей на общую сумму 393,7 млрд тенге. В результате проверки

установлено нецелевое использование средств в размере 102,7 млн.тенге, по фактам нарушений направлено 125 уведомлений. Из этой суммы 6,2 млн тенге уже возвращены в бюджет, на сумму

ЧЕЛОВЕК ТРУДА СЛУЖЕНИЕ НАУКЕ И ЗЕМЛЕ

23 июля отметил свой 75-летний юбилей уважаемый ученый-агроном, кандидат сельскохозяйственных наук, член-корреспондент Народной академии экологии Казахстана, педагог, общественный деятель — Черизат Сапаргалиев.

Родился он в 1950 году в селе Жыланды Андреевского района (ныне Алакольский район области Жетісу). После окончания Екпендинской средней школы в 1967 году поступил в Алматинский Казахский государственный сельскохозяйственный институт, где получил квалификацию ученого агронома по специальности «Агрохимия и почвоведение». На его тягу к знаниям и выбор аграрной сферы большое влияние оказали его дяди по материнской линии — люди образованные и деловые.

Свой трудовой путь молодой выпускник начал в Талдыкорганском филиале «Казгипрозем» в должности инженера-почвовед, куда попал по направлению с вуза. Впоследствии работал агрономом-бригадиром, заместителем главного агронома, а в областных сельскохозяйственных организациях - ведущим и главным специалистом.

Особая страница биографии Черизата Курмангалиевича — научная деятельность. С 1983 по 1989 годы он работал старшим научным сотрудником и заведующим отдела агропочвоведения Талдыкорганской областной сельскохозяйственной опытной станции. Параллельно заочно обучался в аспирантуре Казахского научно-исследовательского института земледелия (1984-1988 гг.). Внедряя научные разработки в производство, успешно защитил кандидатскую диссертацию.

Значительный вклад Сапаргалиева — в разработку и реализацию почвозащитных методов обработки склоновых и богарных земель. Благодаря использованию щелевателей и плоскорезных плугов удалось предотвратить водную и ветровую эрозию, сохранить плодородный слой почвы, улучшить структуру грунта и повысить урожайность. Эти технологии применялись на его родной земле — в селе Жыланды, а затем во многих хозяйствах богарного земледелия прежней Талдыкорганской области.

С развалом системы сельского хозяйства и научной базы в 1990-е годы Черизат Сапаргалиев перешел на преподавательскую работу, пройдя курсы повышения квалификации. Трудился в Коксуском сельскохозяйственном колледже, где преподавал широкий спектр специальных дисциплин: от макро- и микроэкономики до основ агрономии, ботаники и экологии. Отсюда и вышел на пенсию. Параллельно преподавал и в вузах региона.

Научные интересы юбиляра охватывают рыночную экономику, агроэкологию, почвоведение, растениеводство, земельное и экологическое право. Им опубликовано более 20 научных работ и книг. Среди них: «Почвоводоохранная обработка склоновых земель», «Эрозионные процессы в Талдыкорганской области», «Разработка и внедрение устойчивой почвоводоохранной системы земледелия в Семиречье», «О современных задачах экологической науки и образования в ВУЗах» и другие. Есть труды, написанные также в соавторстве с другими учеными.

И сегодня, находясь на заслуженном отдыхе, Черизат Сапаргалиев остается в строю — занимается общественной деятельностью, делится опытом с молодежью, поддерживает инициативы, касающиеся



ся предпочитаемых им тем: сельское хозяйство, наука и село. К слову, он является одним из инициаторов открытия в Жетысуском университете таких специальностей, как «эколог» и «агроном». Последняя особенно актуальна для области Жетісу как аграрного региона. Считает, что объединение мелких крестьянских хозяйств в крупные кооперативы повысит эффективность агропромышленного сектора и обеспечит устойчивое развитие села. Он также

большой сторонник интеграции сельскохозяйственного образования, науки и производства — создания учебно-научно-производственного комплекса (УНПК), который обеспечивает тесную связь теории и практики, готовит квалифицированные кадры и способствует внедрению научных разработок непосредственно в сельхозпроизводство.

Надо отметить, что 2025 год для Черизата Курмангалиевича — тройне юбилейный. Осенью свое 70-летие отметит его супруга, Мархабат Аманова. Вместе они прожили полвека — 50 лет — рука об руку, преодолевая жизненные испытания и разделяя радости.

Мархабат Абайхановна — уроженка города Ушарал, всю жизнь проработала бухгалтером. Пока супруг занимался научной деятельностью, требующей сосредоточенности и времени, она заботилась о доме, воспитывала сына Максата и дочь Жазиру, была надежной опорой и поддержкой в семейной жизни. Дети, старшая сноха Нейля, зять Кайрат, младшая сноха Саня — династия предпринимателей.

Особую гордость для главы семейства представляют внуки. Дети старшего сына, проживающего в Алматы: Амир — выпускник Китайского международного медицинского университета, Елдана — студентка Казанского международного медицинского университета, Нурсултан — студент Алматинского университета менеджмента. Дети дочери, живущей в Талдыкоргане: Елнур — студент Алматинского международного университета информационных технологий, Аиша — ученица 5 класса. Есть и правнучка Жания — от старшего внука.

По словам Черизата ага, семья — это основа счастья, стабильности и благополучия. Важно дать детям достойное образование и воспитание, научить их трудиться и приносить пользу обществу. Он стремится направлять внуков к предпринимательской деятельности — как возможности реализовать себя и внести вклад в экономику родной страны.

Поздравляем уважаемого Черизата Курмангалиевича с юбилеем! Пусть долголетие, здоровье и уважение соратников будут наградой за честный труд, верность родной земле и преданность делу всей жизни.

Подготовила Алма УРАЗАЕВА

нарушений 96,5 млн тенге виновные лица осуждены и отбывают наказание.

ЗДРАВООХРАНЕНИЕ

В ходе анализа в здравоохранении также были зафиксированы рискованные счета. Однако после предоставления подтверждающих документов операции признаны правомерными, и счета исключены из категории рискованных.

СПОРТ

В сфере спорта выявлено 47 рискованных платежей на сумму 34,6 млн. тенге. По итогам проверки направлено 46 уведомлений. Впоследствии предоставленные материалы подтвердили законность операций.

КУЛЬТУРА

В культурной сфере зафиксировано 15 рискованных платежей на сумму 7,9 млн. тенге. Установ-

лены факты нецелевого использования 2,4 млн. тенге, которые впоследствии были полностью возмещены в бюджет.

Модуль «Онлайн бюджетный мониторинг» доказал свою эффективность как инструмент оперативного выявления финансовых нарушений. Департамент внутреннего государственного аудита области Жетісу планирует продолжать работу по усилению превентивного контроля и совершенствованию системы управления бюджетными рисками.

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ШАТЫРЫ МЕН ҚАСБЕТТЕРІ ЖАҢАРТЫЛАДЫ



Облыс орталығы Талдықорған қаласында биыл 39 көпқабатты тұрғын үйдің шатыры жаңартылып, 20 үйдің қасбеті жөндеуден өтеді. Бүгінде бұл жұмыстар қарқынды түрде басталып, қызу жүргізілуде.

Талдықорғанда бүгінде 800-ден астам көпқабатты тұрғын үй бар. Олардың басым бөлігі 1970-80 жылдары салынған. Қазіргі уақытта көптеген үйлердің шатыр жабындысы мен қасбеті тозып, жаңартуды қажет етуде.

Осыған орай қала әкімінің тапсырмасына сәйкес, қала аумағында жыл сайын тозығы жеткен тұрғын үйлерді күрделі жөндеу жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Бұл жұмыстар тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өмір сүру сапасын арттыру және қала келбетін жақсарту мақсатында жүзеге асуда.

Еске салсақ, өткен жылы 28 үйдің шатыры жаңартылып, 11 үйдің қасбеті ретке келтірілген болатын. Сонымен қатар, көпқабатты үйлердің аулалары да кезек-кезеңімен абаттандырылып, заман талабына сай ретке келтірілуде. Жуырда Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл

көпқабатты тұрғын үйлердің шатырын ауыстыру жұмыстарының барысымен танысты.

Ең алдымен «Самал» шағын ауданындағы жөндеу жұмыстары жүріп жатқан нысандарды қарап, кейін Жансүгіров көшесі мен «Жұлдыз» шағын ауданындағы көпқабатты үйлерге барды.

Бұл үйлердің басым бөлігі 1960-70 жылдары салынған. Қаланың инфрақұрылымын жаңарту қала әкімінің тапсырмасына сәйкес жоспарлы түрде жүзеге асып жатқан ауқымды жұмыстардың бірі.

Қала әкімі мердігер мекемелерге нақты тапсырмалар берді. Атап айтқанда, ең алдымен құрылыс барысындағы қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау және атқарылып жатқан істің сапасына мән беру, оны белгіленген мерзімде аяқтауды міндеттеді.

Қала әкімі Ернат Бәзіл:

«Құрылыс нысандарында жасап жатқан жұмысшылардың қауіпсіздігіне аса мән беру қажет. Берілген құрал-жабдықтармен қатар, арнайы киімдердің болуы шарт. Қайта жаңғырту жұмыстары кезінде барлық талаптар сақталуы тиіс. Қауіпсіздікке салғырт қарауға болмайды, – деді.

«ҮЙТАС» САЯЖАЙЫ ӘКІМ НАЗАРЫНДА

Сонымен қатар қала әкімі Ернат Бәзіл «Үйтас» саяжайының тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында халық алдымен саяжайға елді мекен атауы қашан берілетінін сұрады.

Сонымен қатар, көше жарықтары, жол сапасын жақсарту, аспалы көпірдің қазіргі жағдайы және заңсыз қоқыс орындарына қатысты мәселе көтерілді.

Қала басшысы көтерілген әрбір мәселенің назарда екенін атап өтіп, оларды оңтайлы шешу бағытында нақты жұмыстар жоспарланғанын жеткізді. Айтуынша, биыл «Үйтас» саяжайындағы аспалы көпір қайта жаңғыртылып, жаяу жүргіншілер жолы абаттандырылады, ал саяжайға тұрғын үй алабы мәртебесін беру мәселесі жақын арада шешілетіндігін және қажетті құжаттар тиісті сараптамадан өткендігін айтты.



Сондай-ақ, әкім, саяжайға тұрғын үй алабы мәртебесі берілген жағдайда тұрғындардың көптен бері көтеріп жүрген өзекті мәселелері жүйелі түрде шешілетінін жеткізді.

Еске салсақ, «Үйтас» саяжайы 2021 жылы толық ауыз сумен қамтылды, ал 2023 жылы көгілдір отын (газ) желісіне қосылды. Бұдан бөлек, саяжайда түнгі жарықтандыру мәселесі де шешімін тауып, биылғы жылы тағы 4 көше жарықтандырылмақ.

САУДА НЫСАНДАРЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ

Облыс орталығы Талдықорғанда стационарлық емес сауда нысандарына мониторинг жалғасуда. Кезекті тексеріс барысында «Жастар» саябағы мен «Жетісу» шағын ауданында орналасқан гүңгіршіктер (киоск) назарға алынды. Комиссия мүшелері сауда орындарының рұқсат құжаттары мен санитарлық талаптарға сәйкестігін тексеріп, кәсіп иелеріне ескерту хаттарын тапсырды.

Мониторинг жұмысына Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі мен санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандары қатысты. Нысан иелеріне сауда мәдениеті мен қала келбетіне нұқсан келтірмеу керектігі түсіндірілді.

Батыржан Жексембі,
кәсіпкерлік бөлімінің басшысы:

«Қаланың көркін бұзып, рұқсатсыз немесе талапқа сай емес жағдайда жұмыс істеп тұрған нысандарды ретке келтіру басты мақсатымыз. Бұл жұмыс бір реттік емес, алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасатын болады. Кәсіпкерлер заң талаптарын сақтауға және қала мәдениетіне үлес қосуға міндетті, – дейді.

Мониторинг жұмыстары алдағы уақытта қала аумағындағы өзге де аудандарда жалғасады.

Айта кетейік, қазіргі таңда Талдықорған қаласы аумағында 162 стационарлық емес сауда нысаны, яғни дүңгіршек тіркелген. Оның ішінде, 51 дүңгіршек заң талаптарына сәйкес рұқсат құжаттарымен орналастырылған болса, ал 111 нысан заңсыз, яғни құжатсыз және рұқсатсыз орнатылған.

ҚАҢТАР-МАУСЫМ АЙЛАРЫНДА 3665 АЗАМАТ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ

Қала әкімінің мәжіліс залында қала әкімінің міндетін атқарушы Жеңіс Андабековтің төрағалығымен халықты тұрақты жұмыспен қамту мәселесі бойынша кезекті отырыс өткізілді.

Жиын барысында пробация қызметінде тіркеуде тұрған азаматтарды жұмысқа орналастыру, оларды әлеуметтік қолдау шараларымен қамту және сот шешімімен міндеттелген қоғамдық жұмыстарға тарту мәселелері кеңінен қаралды.

Сонымен қатар, бұл бағыттағы жұмысты жетілдіру мақсатында бірқатар мекемелердің қатысуымен ынтымақтастық аясын кеңейту туралы шешім қабылданды.

Сала мамандарының айтуынша, мұндай кешенді қолдау – жазасын өтеп шыққан азаматтардың қоғамға қайта бейімделуіне, құқықбұзушылықтардың алдын алуға және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге ықпал етеді, – дейді.

Айта кетейік, биылғы жылдың қаңтар-маусым айларында 3665 азамат тұрақты жұмыспен қамтылса, олардың 21-і пробация есебінде тұрған азаматтар. Бұл көрсеткіш жарты жылдың межесі бойынша 70%-ды құрап отыр.

Жиын қорытындысы бойынша, тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға нақты тапсырмалар жүктеліп, әлеуметтік оңалту шараларының тиімділігін арттыру жолдары белгіленді.

ЕРКЕЖАН – ӘЛЕМ КУБОГІНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ



Қала әкімдігінің мәжіліс залында қала әкімінің міндетін атқарушы Жеңіс Андабеков Талдықорған қаласының жас спортшысы Еркежан Асылбай мен бапкері Әлішер Алтайұлын арнайы қобылдап, жеңістерімен құттықтап, қала әкімінің Алғыс хатын табыстады.

Еске салайық, шілде айының 6-8 күндері аралығында Болгарияның Камчия қаласында Киокушинкай-кан қаратэден Әлем кубогі өтті. Жарысқа 27 елден 350-ден астам спортшы қатысқан болатын.

Осы дүбірлі додаға Талдықорған қаласының С.Мұратбеков атындағы №9 орта мектебінің 10-сынып оқушысы Еркежан Асылбай да қатысып, 14-15 жас аралығындағы қыздар арасында, 45 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бақ сынап, нәтижесінде I орынды қанжығасына байлады. Сонымен қатар, «Қыздар арасындағы ең үздік техника» номинациясын да иеленді. Еркежанның бұл жетістігі – тынымсыз жаттығу мен табандылықтың жемісі деп білеміз.

ҚАЛАЛЫҚ ЖАҒАЖАЙ БАЛДЫРДАН ТАЗАРТЫЛДЫ



Талдықорған қаласындағы қалалық жағажайды балдырдан тазарту жұмыстары басталып, қарқынды жүргізілуде.

Аталған жұмыстарды «Lanfi» ЖШС мердігер компаниясы жүзеге асыруда. Қазіргі таңда тазалық жұмыстарына 30 адам тартылған.

Жұмыс барысында суды ағызу, жалпы аумақты ретке келтіру шаралары жүргізіліп жатыр. Айта кетейік, тазарту жұмыстары осы аптаның соңына дейін жалғасады.



ТАСҚЫНҒА ҚАРСЫ ЖҰМЫСТАР

Талдықорған қаласында көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында Қаратал өзенінің қауіпті учаскелерінде ауқымды жұмыстар басталды.

Тазалау барысы «Үйтас» саяжайы бау-бақша серіктестігінен «Қаратал» саяжайына дейінгі аралықтағы алты учаскені қамтиды. Қазіргі уақытта өзен арнасы механикалық жолмен тазаланып, түбі тереңдетіліп, түзеу жұмыстары жүргізілуде. Бұған қоса,

жағалауды бекіту мақсатында ірі тастар төселіп, габион торлары орнатылуда. Бұл шаралар тасқын су қаупін азайтып, маңайдағы елді мекендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталған жобаны «Азия Канал Құрылыс» мердігер ұйымы жүзеге асыруда.

Айта кету керек, өзен арнасын тазалау барысында шығарылған топырақ пен материалдар жағалауды нығайту және қорғаныс бөгеттерін қалпына келтіру мақсатында тиімді пайдаланылып жатыр.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



ЕРКІН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ ЖОЛЫНДА

Бүгінде біз Конституцияға сүйене отырып, заңдарды қабылдауға, заңнамалық базаларды жетілдіруге, еркін демократиялық мемлекет жолында қоғамды дамытуға болатынын анық айта аламыз.

Конституция – халықтың әлеуметтік-заңды қорғалуын кепілдендіретін механизм. Егер бұрын «азамат» «адам» концептісінен басым түсетін болса, ал қазір «адам» белгілі құқықтар мен міндеттерге ие, ал патриотизм мен өзін елдің азаматы ретінде сезінуге тәрбиелеу ең гуманистік тәсілдермен жүргізіледі. Конституция адамдардың бірібіріне деген сыйластығының және төзімділігінің негізін қалап, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтады.

2022 жылы референдумда енгізілген өзгерістер Ата заңымызды жетілдіре түскені сөзсіз, әрине. Сол өзгерістермен еліміздің барлық аумағында Конституцияның сақталуын қамтамасыз ету үшін Конституциялық сот құрылып жұмыс істей бастады. Енді Конституцияға сай емес деп есептеген нормативтік құқықтық актілерге шағыммен кез-келген адам Конституциялық сотқа жүгіне алады.

Айгерім ЖҰМАБАЕВА,
Көксу аудандық сотының бас маманы-сот
отырысының хатшысы

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған сәттен бастап заңдылық, құқықтық мемлекет құруды мақсат етті. Себебі, экономика- ны өркендету мен саясаттағы саналы қадамдардың артында міндетті түрде құқықтық сауаттылық тұрады. Ал құқықтық мәдениеті дамыған елде қауіпсіз қоғам орнайды. Мемлекеттік рәміздерді қабылдап, мемлекеттің шекарасын бекіткеннен кейін Конституцияны дағдыға басымдықтың берілуі сондықтан.

Ата заңымыздың тарихы көпшілікке мәлім. 1995 жылы жалпыхалықтық референдум нәтижесінде қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай келеді.



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ**

АДАЛ ҚЫЗМЕТ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ИЕСІ

Елімізде стратегиялық басымдық берілген маңызды саланың бірі-энергетика саласы. Энергетика- экономиканың өзегі саналатын индустрияны алдыға жылжытушы орасан күшке ие.

Жарық пен жылусыз мемлекетіміздің өркендеуін көзге елестетудің өзі мүмкін емес. Тіпті, күнделікті өмірімізде жарықсыз жүре алмаспыз ғой. Сала мамандары тұрмыс-тіршілігімізге қажетті электр энергиясын тұрақты алуымыз жолында аянбай тер төгіп, еңбек етуде. Талдықорған қаласындағы «ТАТЭК» АҚ экономиканың және әлеуметтік секторды дамытуға байланысты электр энергиясына қажеттіліктерді сапалы өтеп келе жатқан бірден-бір кәсіпорын. Қызмет көрсету аймағының ауданы – 125 мың шаршы шақырымды құраса, жұмысшылардың жалпы саны – 1400 адам. Жұырда «ТАТЭК» АҚ-ның Қосалқы станциялар қызметінің электр ұстасы Жомарт Сәдуақасовпен сұхбаттасудың сәті түсті. Ол, Алматы облысы, Ұйғыр ауданының Шонжы ауылында туып-өсіп, мектепті аяқтаған соң Талдықорған индустриалды техникумына оқуға түседі. 1991-ші жылы электрші мамандығын ойдағыдай игереді. Бірақ, түрлі себептерге байланысты ауылына қайтуға тура келеді. 1993-ші жылы Талдықорған қаласына қайта оралып, «ТАТЭК» АҚ-на электр ұстасы болып жұмысқа орналасады. Міне содан бері табаны күректей 32 жыл бойы еңбегін жалғастырып келеді.

